

Сатыбаев Берик Гариполлиевичтің 8D09101-Ветеринариялық медицина білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Батыс Қазақстан облысындағы аралардың жиі кездесетін инфекциялық, инвазиялық аурулары және олармен күресу шаралары» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1) Ғылыми-зерттеу жұмысының кейбір зерттеу бөлімдері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен ұсынылған гранттық қаржыландыру негізіндегі АР23489173 «Батыс Қазақстан облысында аралар ауруларына қарсы ветеринарлық-санитарлық шаралар кешенін және экологиялық таза ара шаруашылығы өнімдерін алу технологиясын әзірлеу» (2024-2026 жж) жобасы аясында жүзеге асырылды. Мемлекеттік тіркеу № 0124РК00640.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу барысында алынған нәтижелер отандық ғылым саласына, әсіресе өндірістік жағдайдағы шаруашылықтарға қосатын үлесі зор. Өйткені диссертанттың ғылыми жұмысында ветеринария саласында емдік тұрғыда тиімді әрі нарықтық жағдайда қолданыста арзан болып табылатын аралардағы инфекциялық және инвазиялық ауруларды емдеу мен алдын алуда жаңа өсімдіктекті дәрілік препаратты дайындап,</p>

			оның емдік тиімділігі негізіндегі тәжірибелік сынақтар жүргізу арқылы нақтылы, әрі жан-жақты зерделеніп, нәтижелер алынған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың ғылыми жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмыс ғылыми негізде, мемлекеттік тілде мазмұнды әрі түсінікті жазылған. Жүргізілген эксперименттер мен жұмыс нәтижелерінің презентациясы диссертацияны өтініш берушінің өзі жазғанын көрсетеді. Барлық материалдар қол жетімді және түсінікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы саласының жағдайы, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде таза өнім алу және оның сапалы болуы тікелей күтіп-бағу жағдайына, әртүрлі сипаттағы аурулардың алдын алуға бағытталған. Осы тұрғыда ара шаруашылығы ерекше маңызға ие, өйткені ол тек бал және басқа да өнімдер өндірумен шектелмей, өсімдіктерді тозандандыру арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға және биоәртүрлілікті сақтауға ықпал етеді. Аралар экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі буындардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда ара шаруашылығында варроатоз, нозематоз, аскосфероз және американдық шірік сияқты аурулардың кең таралуы ара отбасыларының әлсіреуіне,

			<p>өнімділіктің төмендеуіне және экономикалық шығындардың артуына әкелуде.</p> <p>Сондықтан ара ауруларын уақтылы диагностикалау, тиімді алдын алу және емдеу әдістерін әзірлеу, сондай-ақ экологиялық қауіпсіз өнім өндіру технологияларын енгізу – бүгінгі күннің өзекті ғылыми және практикалық мәселесі болып табылады.</p> <p>Осы орайда диссертанттың тақырыптың өзектілігін аша отырып, зерттеулері де өзектіліктің негізділігін толықтай сипаттап отыр.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертация мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын толықтай айқындайды, атап айтқанда, ара шаруашылығында аралар арасында жиі кездесетін инфекциялық және инвазиялық сипаттағы ауруларды емдеу мақсатында алғаш рет Батыс Қазақстан облысы аймағында омарта шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарда ара ауруларының таралуы толықтай зерделеніп, олардың ішінде жиі кездесетін инвазиялық сипаттағы ауруларға қарсы өсімдік негізінде дайындалған дәрілік препаратты қолданып, оның емдік тиімділігін салыстырмалы тұрғыда бағалауды жүзеге асырған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Орындалған жұмыстың мақсат-міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Батыс Қазақстан облысының омарталарында варроатоз, нозематоз, аскосфероз, акарапидоз және американ шірігі ауруларының таралуын зерттеу, диагностика жасау және оларға қарсы күрес шараларын</p>

			<p>әзірлеу. Аталған мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер сәйкесінше тура келеді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертанттың диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыда өзара байланысқан, яғни, әдебиеттерге шолу бөлімдерінде зерттеудің негізгі өзекті тұстары қамтылса, өзіндік зерттеу бөлімдері өзектіліктен туындаған негізгі сұрақтардың шешімін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ете білген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Автормен ұсынылған жұмыста сын тұрғысынан талдаулар жасалған. Барлық алынған нәтижелер мұқият зерделеніп, тиісті қорытындылар жасалған. Ұсынылған жұмыстың нәтижелері белгілі шешімдермен салыстырмалы сипатта бағаланып, ұсынылған.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Алынған ғылыми нәтижелер толығымен жаңа. Зерттеу жұмысы негізінде әзірленген өсімдіктекті препарат бұрын соңды қолданыста болмаған, әртүрлі өсімдіктердің құрамдас бөліктерімен алғаш рет дайындалып, ұсынылып отыр.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа. Ғылыми жұмыс бойынша алынған нәтижелер шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа.</p>	

		<p>1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Докторанттың ғылыми жұмысының негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Ғылыми жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар ғылыми-зерттеу, өндірістік актілермен айқындалған. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған қорытындылар Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентілі 67-ні құрайтын журналда ғылыми мақаласы жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша алынған нәтижелерді оқу үрдісінде пайдаланып, өндірістегі (омарта шаруашылықтары) мамандарға ара ауруларын емдеуде дәрілік препарат ұсыныс ретінде берілген. Зерттеу жұмысы бойынша жарияланған мақалалары да дәлелді. Диссертациялық жұмыс бойынша 10 мақала шығарылған, оның 4 мақаласы ҚР ҒЖБ министрлігінің ҒЖБ саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланса, 1 мақала Scopus дерекқорындағы журналда, 5 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинағында жарияланған.

		<p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Әдіснаманы таңдауы негізделген және нақты жазылған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір бөлімде зерттеу әдістемелері толық сәйкестікте орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған. Сонымен қатар зерттеуде заманауи құрылғылар – ПТР диагностикалық құрылғылары, микроскопиялық зерттеулер үшін 8 МП сандық камерасы мен сенсорлы ЖК экраны бар микроскоп қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертханалық зерттеулермен, өндірістік сынақтармен расталған.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер отандық, алыс және жақын шетелдік ғылыми мақалалар мен ғылыми әдебиеттердің мәліметтеріне сілтемелер жасау арқылы расталған. Диссертациялық жұмыстың шынайылығы зерттеу нәтижелері мен қорытындылардан көруге болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыстағы қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуларға жеткілікті деңгейде қарастырылған. Әрбір әдеби көздерге шолу бөлімі қажетті деңгейдегі мәліметтерді талдай отырып жасалған.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Ұсынылған ғылыми жұмыстың теориялық маңызы бар, зерттеу нәтижелері бойынша алынған қорытындылар «Ара шаруашылығы және ара аурулары» пәні бойынша оқу үрдісінде, практикаға бағытталған сабақтарда, білім алушылардың өзіндік ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы өте жоғары, алынған нәтижелер өндірістік тәжірибеде толықтай қолдануға болады. Ұсынылған өсімдіктекті дәрілік препарат аралардағы инфекциялық және инвазиялық сипаттағы ауруларды емдеу мен алдын алуда қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u> .	Диссертанттың ұсынып отырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ;	Орындалған жұмыстың академиялық сипаты-жоғары. Диссертациялық жұмыстың жазу деңгейі түсінікті, нақты сипатталған.

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Жалпы диссертациялық жұмыс сауатты, дәйекті түрде жазылған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысының міндеттері толықтай ашылып, сипатталған. Дегенмен автор орындағын жұмыстың жағымды жақтарымен қатар кемшіл тұстарын да атап өткен жөн:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әрбір орындалған бөлімдердің соңында жалпылама сипаттауды кеңейту ұсынылады; -диссертациялық жұмыста кейбір орфографиялық және стилистикалық қателіктер бар. <p>Бұл ескертулер жұмыс сапасына айтарлықтай әсер етпейді. Олар міндетті қағидат емес және диссертациялық жұмыстың жалпы бағалану деңгейін төмендетпейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары, Scopus дерекқорындағы мақаласы бойынша «International Journal of Agriculture and Biosciences» журналында (процентиль – 67) 2025 жылы 14(6) бөлімде жарияланған мақалада 77 авторлық жұмысқа сілтеме жасалған және диссертациялық жұмыстың ара ауруларын емдеу тиімділігін зерттеу бөліміне толықтай сай келеді. Сонымен қатар, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда 4 мақала жарияланған, барлық мақалалар</p>

			диссертациялық жұмыстың өзіндік зерттеу бөлімдерінің нәтижелерімен сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Сатыбаев Берик Гариполлиевичке 8D09101-«Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, ветеринария ғылымдарының кандидаты, молекулярлық-генетикалық сараптау зертханасының жетекші ғылыми қызметкері

С.Т. Даугалиеваның қолын растаймын
«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, ғалым хатшысы

мерзімі «07» сәуір 2026 жыл



Даугалиева С.Т.



Таджиева А.К.